



презентация

Әлеуметтік – экономикалық дамудағы дағдарыс


түсінігі және оның пайда болу себептері




Орындаған: Дыбысқали.В

ГМУ-211

Қабылдаған: Төлебаева.Б



- Қазіргі әдебиетте әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуындағы дағдарыс туралы жалпы көріністер әлі анықталмаған. Дағдарыстың өндірістік капиталистік әдісінің сипаттамалық белгісі екендігі және социалистік кезеңінде болмау керектігі туралы көзқарас бар. Бұрын социализм кезінде теориялық жағынан алғанда «дағдарыс болмайды», тек «өсу қиындықтары бар» деген пікір қалыптасқан. Көп жылдар бойы біздің елімізде дағдарыс түсінігінің өзі өндірістік дамуының экономикалық саясатын жасаудың нақты факторы болуына қарағанда көбінесе идеологиялық түсінік болып табылады.
- Кейбіреулер дағдарыс түсінігі тек макроэкономикалық даму процестеріне жатады десе, рудың кәсіпқорлығысыз немесе қателіктерден туындаған аз немесе өте өткір проблемелер бар. Бұл проблемалар кейбір сыртқы себептермен жаттастырылған болса да, даму дағдарысы туралы айғақ бола алмайды және олар объективті тенденциялармен келтірілмеген. Осындай көріністердің кері салдарлары болу мүмкін: егер бұл ұстанымнан фирманы басқаруды қарастырсақ, онда оның даму стратегиясын жасағанда дағдарыстың мүмкіндігін болжауға және есепке алуға қажеттілік жоқ. Осы кезде стратегия қаншалықты нақты болады, егер дағдарыстар шын мәнінде заңды болса?
- Дағдарыс түсінігі түрлі басқарушылық шешім жасау әдістемесіне әсер ететін тәуекелділік түсінігімен өзара байланысты. Басқарудан болжамды және дағдарысты күтуді алып тастаңыз, онда тәуекелділікті қабылдау өткірлігі болмайды және тек дағдарыс жағдайында ғана емес, сонымен қатар кәдімгі қатерлер де кенеттен пайда болу мүмкін. Дағдарыс проблемасына басқа жақтан да қарауға болады. Әлеуметтік-экономикалық жүйенің өзінің түрлі түрінде және формасында, ол қоғамдық формация, фирма немесе кәсіпорын болсын, өзінің өмір сүруінің 2 тенденциясы бар: қызмет ету және даму.
- Қызмет ету - бұл оның тұтастығын, сапалы нақтылығын, сипаттарын анықтайтын функцияларды сақтау, өміршеңділігін қолдау.
- Даму - өміршеңдікті өзгерістегі орта жағдайларында бекемдейтін жаңа сапа алу. Қызмет ету және даму өзара байланысты.




- Әлеуметтік-экономикалық жүйенің негізгі тенденцияларының диалектикалық бірлігін көрсетеді. Бұл байланысты оның сипаттамасынан және көрсеткіштерінде көруге болады. (1-сурет) Мысалы, әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет етуі еңбек затының, құралдың және еңбек әрекетін жүзеге асыратын адамның міндетті түрде болуын сипаттайды. Осындай әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет етуі бұл белгілердің нақты сәйкестілігінде мүмкін болады: еңбек құралы оның затын өзгерте алады, адамда еңбек құралы болуы керек, нәтиже адамның мүддесіне және қажеттілігіне сәйкес болуы керек.

- Бұлардың бірі қызмет ету жағдайлары. Даму заттың, еңбек құралының және адамның өзгерістерін сипаттайды. Бұл өзгерістердің өлшемі ретінде әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет ету тұрқтылығын және үйлесімділігін бекітетін немесе оның қызмет етуіне жаңа жағдай жасайтын жаңа сапалардың болуы болып табылады. Даму факті ретінде еңбек өнімділігін, оның мазмұнын өзгерту, жаңа технологияның болуы болып табылады. Осы кезде, әрине әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет етуі жағдайларды да өзгертеді. Қызмет ету және дамудың өзара байланысында диалектикалық сипат бар, ол дағдарыстың пайда болу мүмкіндігін және заңдалаған шешімдерін көрсетеді. Қызмет ету дамуды тежейді және сонымен бірге оның керектік ортасы болып табылады. Даму қызмет етудің көптеген процестерін бұзады, бірақ оның бекемді болуына жағдай жасайды.
- Сонымен дағдарыстың кезеңдік пайда болуын көрсететін дамудың кезеңдік тенденциясы пайда болды. Дағдарыс міндетті түрде қиратқыш болып табылады, бірақ олардың болуы тек субъективті емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық жүйенің табиғатымен, объективті салдарымен байланысты.
- Дағдарыс себептері сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Мысалы фирма үшін дағдарыстың сыртқы себептері макроэкономикалық дамудың тенденциясы және стратегиясымен немесе әлемдік экономика дамуымен, бәсекелестікпен, елдегі саяси жағдайымен байланысты болу мүмкін, ал ішкі себептер маркетингтің тәуекел стратегиясымен ішкі қайшылықтарымен, өндірісті басқарудың кемшіліктерімен, инновация және инвестициялық саясатпен байланысты болады. Егер дағдарысты осылай түсінсек, онда дағдарыс қаупі әрқашан бар екенін айтуға болады, сол себептен оны болжау және жоспарлау керек. Дағдарыс түсінігінде оның себептеріне ғана емес сонымен қатар салдарына да үлкен мән беріледі- ұйымдастыруды жаңарту немесе оны жою, жаңа дағдарыстың болуы немесе қалпына келуі мүмкін. Ол тізбекті реакция сияқты пайда болуы мүмкін.
- Дағдарыс қызмет ету мен дамудың қайшылықтарын ғана көрсетпейді, олар қызмет ету процесінің өзінде пайда болу мүмкін. Бұл, мысалы, техника мен персонал квалификациялық деңгейі, нақты технология және оны пайдалану жағдайы арасындағы қайшылықтар. [3]
- Дағдарыс - бұл оның қоршаған ортаның өміршеңдігіне қатерлі әлеуметтік-экономикалық жүйедегі қайшылықтардың өсуі болып табылады.



- Дағдарыс себептері жаңарту және реструктуризациялардың циклдық қажеттілігімен байланысты объективті басқарудағы волонтаризм мен қателерді көрсететін субъективті, климат ерекшелігіне, жер сілкіну мен тағы басқа байланысты табиғи болу мүмкін.
- Дағдарыс жағдайларды ұзақ уақытқа консервациялау мүмкіндігі бар. Бұл белгілі саяси себептерімен түсіндірілуі мүмкін. Жалпы дағдарыстың салдары 2 фактормен өзара байланысты: оның себептері және дағдарыстың даму процестерін басқару мүмкіндігі. Дағдарыстың салдары аяқ астындағы өзгерістерге немесе одан жұмсақ, созылмалы және жүйелі шығуына әкелу мүмкін.
- Ұйым дамуындағы дағдарыстық өзгерістер ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, сапалы және санды, қайтымды және қайтымсыз болады. Дағдарыстың түрлі салдары оның сипаттамасымен ғана емес, сонымен қатар оны жұмсартатын немесе күшейтетін дағдарысқа қарсы басқару сипаттамасымен анықталады. Бұл қатынаста басқару мүмкіндіктерді мотивация сипаттамасына, басқару мақсатына кәсіпқорлығына, мәдениетіне, себептер мен салдары, жауапкершілікті түсінуге байланысты.
- Көп жағдайда энтузиазм көмектеседі. Бірақ энтузиазм ұзақ әсерді бере алмаса да оны дағдарысқа қарсы басқару бағдарламасынан шығарға болмайды. Сонда да энтузиазм өзінің басталуы, ұлттық ерекшеліктері, мәдениет дәстүрлері тағы басқа бойынша әр түрлі болады. Егер энтузиазм өрескел қатерлер мен мақсаттарды жасыру үшін қолданылса да дағдарыс қысымын төмендетпейді.
- Тәжірибе көрсеткендей, дағдарыстар тек себептері мен салдары бойынша ғана емес, сонымен қатар өзінің мазмұны бойынша да әр түрлі болып келеді.
- Дағдарыстардың ішіндегі жалпы және желілік дағдарыстар. Жалпы дағдарыстар әлеуметтік – экономикалық жүйенің бәрін қамтыса, ал жергілікті тек оның бір бөлігін ғана қамтиды. Бұл дағдарыстардың көрсетілу масштабтары бойынша бөлудің шартты сипаттары бар. Дағдарыстық жағдайды нақты талдауда әлеуметтік – экономикалық жүйенің шектерін оның құрылымын және қызмет ету ортасын ескеру керек. Дағдарыстық жағдайларды макро және микро дағдарыстар деп бөлуге болады. Макро дағдарысқа туындайтын жағдайдың үлкен көлемі мен ауқымы тән; ал микро дағдарыстар тек жеке мәселелерді немесе мәселелер тобын қамтиды. Дағдарыстың ерекшелігі ретінде жергілікті немесе микро дағдарыс болса да ол тізбекті реакция секілді дамудың бүкіл жүйесіне немесе мәселесіне қарай тарай алады. Себебі жүйеде барлық элементтердің өзара әсерлесулері болады және мәселелер жеке шешілмейді. Бірақ ол дағдарыстық жағдайды басқару, дағдарыстарды жою және оның өткірлігін төмендету шаралары болмаса немесе керісінше дағдарыс дамуының мотивациясы болса ғана пайда болады.
- Дағдарысты басқару әдістерін және құралдарын жіктеу үшін қажетті дағдарыстық нысандарының жіктелуін жасауға болады. Егер дағдарыс мазмұнының түсінігі қалыптасса, онда оның өткірлігін төмендету, уақытты қысқарту және ауыртпалықсыз келуін қамтамасыз ету мүмкіндігі жетерліктей.





- Әлеуметтік – экономикалық жүйедегі қатынастар құрылымына байланысты оның даму жағдайларын жіктеуде экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық, психологиялық, технологиялық дамудың жеке топтарын бөлуге болады. Экономикалық дағдарыстар ел экономикасындағы немесе фирманың экономикалық жағдайындағы өткір қайшылықтарды көрсетеді. Бұл тауар өндірісі және өткізу, экономикалық топтардың өзара байланысы төлем қабілеттілігінің төмендеуі, банкроттық жағдай т.б. Экономикалық дағдарыстар тобында жүйенің немесе фирманың қаржылық мүмкіндіктері жағдайындағы қайшылықтары сипатталады. Бұл экономикалық процестің ақшалай көрінісінің дағдарысы.
- Әлеуметтік дағдарыстар әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерінің қақтығысы немесе қайшылықтары ұлғайғанда пайда болады. Әлеуметтік дағдарыстар экономикалық дағдарыстардың жалғасы болып табылады, бірақ ол өздігінен де пайда болуы мүмкін. Мысалы, басқару стилі, еңбек жағдайына қанағаттанбаушылық, экологиялық мәселелерге, патриоттық сезімдерге байланысты болып келеді.
- Әлеуметтік дағдарыс тобында саяси дағдарыстың орны ерекше. Ол қоғамдың саяси құрылымындағы дағдарыстар, билік бағдарыстары, түрлі әлеуметтік топ мүдделерін жүзеге асыру дағдарыстары, қоғамды басқаруда кездесетін дағдарыстар. Саяси дағдарыс дамудың барлық қамтиды да экономикалық дағдарысқа ұласып кетеді.
- Ұйымдастырушылық дағдарыстар – іс-әрекетті бөлу және біріктіру, функцияларды бөлу, жеке бөлімшелердің қызметтерін реттеуде дағдарыстары ретінде пайда болады.
- Түрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелердің ұйым құрылымында ұйымдастырушылық қатынастары күшейтілуі мүмкін. Ұйымдастырушылық дағдарыстардың шиеленісуі барысында, іскерлік қақтығыстардың туындауы барысында және бақылаудың қиындығы, оның қызмет ету, даму жағдайларының өзгерісінің, ұйымды жаңарту немесе бюрократикалық тенденциялар тудыратын ұйымдастырушылық сақтандыру қатерлерінің болуынан көрінеді. Бұл дағдарыс көбінесе ұйымдастырушылық әрекетті қиындатады.
- Психологиялық дағдарыстар. Бұл дағдарыс түрі әлеуметтік–экономикалық дамудың қазіргі жағдайында сирек кездеспейді. Бұл адамның психологиялық жағдайындағы дағдарыстар. Олар күйзеліс, сенімсіздік, болашақтан қорқуы, жұмыспен, құқықты түрде көрініс береді. Бұл қоғамдағы ұжымның немесе жеке топтың әлеуметтік–психологиялық климатындағы дағдарыстар.
- Технологиялық дағдарыстар жаңа технологияға қажеттілік жағдайында технологиялық идеялардың дағдарысы ретінде пайда болады. Бұл заттардың технологиялық сәйкессіздігі емесе жаңа технологиялық шешімдерден бас тарту дағдарысы болуы мүмкін. Жалпы осындай дағдарыстар ғылыми техникалық прогресс дағдарысы болып көрінуі мүмкін. Оның тенденциялары, мүмкіндіктері, салдары арасындағы қайшылықтардың күшеюінен көрінеді. Мысалы, қазір атомдық энергияны пайдалану, атомдық электростанцияны салу идеялары дағдарысты бастан кешіріп отыр.



Ағдарыстың негізгі сипаттамалары

Ағдарыс мәселелері

Ағдарыс
масштабы

Ағдарыспен
қамтылған даму
аумағы

Ағдарыстың көріну стадиясы

Ағдарыс себептері

Ағдарыстың мүмкін
салдары

Ағдарыс өткірлігі



Назарыңызға рахмет!!!
